

Кәсіптік стандарт: «Қойларды және ешкілерді өсіру»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы:

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Бонитер (сыныптаушы) – бонитирлеу (бағалау) бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға.

2) Бонтирлеу – тиісті сыныпты немесе индексті бере отырып, малдың асыл тұқымдық құндылығының деңгейін белгілер шаруашылық тұрғысында пайдаланылатын белгілер кешені бойынша (тұқымдылығы, өнімділік сапасы, экстерьерлік-конституциялық ерекшеліктері) анықтау.

3) Ешкі өсіруші – ешкі өсіру жөніндегі маман.

4) Ешкі шаруашылығы – ешкі өсірумен айналысатын мал шаруашылығы саласы.

5) Қой өсіруші – қой өсіру жөніндегі маман.

6) Қой шаруашылығы – қой өсірумен айналысатын мал шаруашылығы саласы.

7) Ғылыми қызметкер – ҒЗИ, кәсіпорындарда немесе ЖОО-ларда ғылыми қызметпен айналысатын ғалымдардың бірқатар лауазымдарының жалпы атауы.

8) Азықтандыру нормасы – тіршілік етуді қолдау және өнімнің белгілі бір мөлшерін өндіру үшін жануарларға қажетті қоректік, биологиялық белсенді заттар мен энергияның мөлшері.

9) Қой шаруашылығы фермасы – қой өсірумен және қой шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы кәсіпорнының бөлімшесі.

10) Қой қора – қойларды ұстауға арналған қой шаруашылығы фермасының негізгі өндірістік ғимараты.

11) Отар – бірге ұстау және жаю үшін қалыптасқан қой табыны.

12) Іріктеу – шаруашылық тұрғысынан неғұрлым құнды мал басын таңдау.

13) Бордақылау – жануар денесінде ақуыз мен майдың көп мөлшерін жинақтау және жоғары сапалы ет алу мақсатында артық азықтандыру.

14) Жайылым – сельскохозяйственное угодье с травянистой растительностью, систематически используемое для выпаса травоядных животных.

15) Асыл тұқымды мал – республикалық палатада тіркелген тұқымның өнімділік бағыты мен деңгейіне жауап беретін таза тұқымды мал.

16) Асыл тұқымды өнім (материал) – асыл тұқымды мал, сондай-ақ асыл тұқымды малдан алынған ұрық, эмбриондар, инкубациялық жұмыртқа, тәуліктік балапандар, уылдырық, дернәсілдер мен құтшабақтар, асыл тұқымды аналықтар, асыл тұқымды бал ара ұялары және бал ара пакеттері.

17) Асыл тұқымды табын – малдар толықтырушы төлді алу және өсіру үшін пайдаланылады. Асыл тұқымды малдарға барлық таза тұқымды малдар емес, тек өз қасиеттері бойынша зауыттық мақсаттарға сай келетін және асыл тұқымды тағайындалуды алатын малдар жатады.

18) Таңдау – ауыл шаруашылығы жануарларының қолда бар, неғұрлым құнды тұқымдарын жақсартудың және жаңаларын құрудың неғұрлым пәрменді тәсілдерін таңдау.

19) Пайдалану табыны – мал шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша жоспарлы тапсырмаларды орындауға арналған табын, ол үшін аз шығынмен өнім беретін жоғары өнімді малдарды өсірген жөн.

20) Сақман – жасы бірдей және дамуы бірдей еметін қозылары бар қой тобы.

21) Селекционер – адам үшін пайдалы қасиеттері бар немесе қоршаған орта жағдайларына неғұрлым тиімді бейімделуге көмектесетін жануарлар, өсімдіктер мен басқа да тірі организмдердің қолда бар түрлерін жақсартумен және жаңа түрлерін шығарумен айналысатын ғалым.

22) Селекция (лат. seligere «таңдау») – жануарлардың жаңа тұқымдарын, өсімдіктер сорттарын, микроорганизмдер штамдарын жасау және қолданыстағыларын жақсарту әдістері туралы ғылым.

23) Табынның құрылымы – бұл шаруашылықтағы жануарлардың жыныстық және жастық критерийлерінің пайыздық арақатынасы.

24) Шопан – Ресейде, Молдавияда, Румынияда және Украинаның бөлігінде, сондай-ақ Кавказ және Орта Азия халықтарында қой бақташысының атауы.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) –

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Қойларды және ешкілерді өсіру

5. Кәсіптік стандарттың коды: A01450010

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

A Ауыл, орман және балық шаруашылығы

- 01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
- 01.4 Мал шаруашылығы
- 01.45 Қойларды және ешкілерді өсіру
- 01.45.0 Қойларды және ешкілерді өсіру
- М Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
- 72 Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер
- 72.1 Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер
- 72.11 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер
- 72.11.0 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер
- М Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
- 75 Ветеринарлық қызмет
- 75.0 Ветеринарлық қызмет
- 75.00 Ветеринарлық қызмет
- 75.00.0 Ветеринарлық қызмет
7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Қой мен ешкі өсіру, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізу.
8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:
- 1) Шопан - 1 СБШ-нің деңгейі
- 2) Қой шаруашылығы кешені мен механикаландырылған фермалардың операторы - 3 СБШ-нің деңгейі
- 3) Қой өсіру кешенінің және механикаландырылған фермалардың бригадирі - 4 СБШ-нің деңгейі
- 4) Бөлімше (кешен, ауыл шаруашылығы учаскесі, ферма) зоотехнигі - 5 СБШ-нің деңгейі
- 5) Қой өсіру жөніндегі фермер - 4 СБШ-нің деңгейі
- 6) Ветеринариялық дәрігер - 6 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

| 9. Кәсіптің карточкасы «Шопан»: | | | |
|--|---|---|------------------|
| Топтың коды: | 9211-2 | | |
| Қызмет атауының коды: | 9211-2-011 | | |
| Кәсіптің атауы: | Шопан | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 1 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | 64-шығарылым. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 тіркелді. Шопан | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: бастауыш білім | Мамандық: - | Біліктілік: - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | |
| Формалды емес және информталы біліммен байланыс: | | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | Бақташы | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Бекітілген қой мен ешкі басын күту, ұстау, сондай-ақ бағу және суару бойынша қосалқы жұмыстарды орындау. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Бекітілген қой мен ешкілерді күту және күтіп ұстау бойынша қосалқы жұмыстар 2. Бекітілген қой мен ешкі басын бағу және суару бойынша қосалқы жұмыстар | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | | |
| Еңбек функциясы 1: Бекітілген қой мен ешкілерді күту және күтіп ұстау бойынша қосалқы | | | |

| | | |
|--|--|---|
| жұмыстар | Дағды 1: Қой мен ешкінің бекітілген басына күтім жасау | Машықтар: 1. Жылдың әр түрлі маусымдарында қой мен ешкі басына күтім жасау. 2. Ауру малдарға, төлдеуде көмек көрсету жұмыстарын орындау. |
| | | Білімдер: 1. Жыл маусымына байланысты қой мен ешкі басына күтім жасау технологиясы. 2. Ауырған жануарларға алғашқы көмек көрсету, төлдеуге жәрдемдесу қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| | Дағды 2: Қойлар мен ешкілерді ұстау технологияларының түрлері бойынша жұмыстарды орындау | Машықтар: 1. Қойлар мен ешкілерді жыл бойы, қоралық-жайылымдық және қоралық ұстау жүйесі технологиясының орындалуын сақтау. 2. Қойлар мен ешкілерді ұстаудың түрлі жүйелері кезінде қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтау. |
| | | Білімдер: 1. Қойлар мен ешкілерді жыл бойы, қоралық-жайылымдық және қоралық ұстау жүйесі технологиясының ерекшеліктері. 2. Қойлар мен ешкілерді ұстаудың түрлі жүйелері кезінде қауіпсіздік техникасының қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| Еңбек функциясы 2: Бекітілген қой мен ешкі басын бағу және суару бойынша қосалқы жұмыстар | Дағды 1: Қой мен ешкіні жаюды ұйымдастыру | Машықтар: 1. Жайылымдарды пайдалану маусымына байланысты қой мен ешкі жаю технологиясының сақталуын қамтамасыз ету. 2. Қой мен ешкі басына күнделікті есептің жүргізілуін ұйымдастыру. |
| | | Білімдер: 1. Пайдалану маусымына байланысты қой мен ешкі жаю технологиясының ерекшеліктері. 2. Жайылымдық алқаптардың шөп өсуінің ботаникалық құрамының қой мен ешкінің қоңдылығына әсері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| | Дағды 2: Қой мен ешкілерді ұстау жүйесіне байланысты оларды суаруды ұйымдастыру бойынша жұмысты орындау | Машықтар: 1. Жыл бойы қорада ұстау жүйесі мен жайылымдарда қой мен ешкілерді суару режимін сақтау. 2. Қойлар мен ешкілерді қорада ұстау жағдайында оларды суару және азықтандыру пункттерін дайындауды жүргізу. |
| | | Білімдер: 1. Қойлар мен ешкілерді жыл бойы жайылымда ұстау жүйесі кезіндегі суару режимі мен нормалары. 2. Қоралық-жайылымдық ұстау жүйесі жағдайында қой мен ешкі суаруды ұйымдастырудың күндізгі тәртібі. 3. Қой мен ешкілерді қорада ұстау жағдайында суаруды ұйымдастыру кезіндегі санитарлық нормалардың талаптары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Тәртіптілік Жұмыс нәтижесі үшін жеке жауапкершілік Кәсіби шеберлікті арттыруға ұмтылу | |

| | | | |
|--|---|--|-------------|
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: | |
| | 2 | Жануарларды қараушы | |
| 10. Кәсіптің карточкасы «Қой шаруашылығы кешені мен механикаландырылған фермалардың операторы»: | | | |
| Топтың коды: | 8341-9 | | |
| Қызмет атауының коды: | 8341-9-013 | | |
| Кәсіптің атауы: | Қой шаруашылығы кешені мен механикаландырылған фермалардың операторы | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 3 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | 64-шығарылым. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 тіркелді. Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: | Мамандық: | Біліктілік: |
| | ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер) | Ауыл шаруашылығын механикаландыру | - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | |
| Формалды емес және информталы біліммен байланыс: | | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Мал шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың машиналары мен жабдықтарын пайдалана отырып, қой шаруашылығы мен ешкі шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін қой мен ешкілердің тауарлық мал басын күту және өсіру бойынша жұмыстарды орындау. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың машиналары мен жабдықтарын пайдалана отырып, қой мен ешкілердің тауарлық мал басын күту және өсіру бойынша жұмыстарды орындау 2. Қой және ешкі шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша механикаландырылған жұмыстарды орындау | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | | |
| Еңбек функциясы 1: Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың машиналары мен жабдықтарын пайдалана отырып, қой мен ешкілердің тауарлық мал басын күту және өсіру бойынша жұмыстарды орындау | Дағды 1: Қойлар мен ешкілердің тауарлық мал басын өсіру технологиясын сақтай отырып, азықтарды жеткізу, азықтандыруға дайындау, тарату бойынша механикаландырылған жұмыстарды орындау | Машықтар: | |
| | | 1. Тауарлы мал басы үшін әзірленген қой мен ешкілердің рецептісі мен азықтандыру нормасына сәйкес мал азығын дайындаудың механикаландырылған процестерін ұйымдастыру. 2. Малдардың жас топтарына және оларды ұстау тәсіліне байланысты жем-шөпті таратуды ұйымдастыру. | |
| | | Білімдер: | |
| | | 1. Өртүрлі жем-шөпті дайындау технологиясына қойылатын зоотехникалық және зоогигиеналық нормативтер. 2. Жыл маусымдары бойынша малдарды (қойлар мен ешкілерді) күтіп-ұстауға және күтуге қойылатын зоотехникалық талаптар. | |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - | |

| | | |
|---|---|---|
| | <p>Дағды 2: Тауарлық мал басының әртүрлі жыныстық-жастық топтарының қойлары мен ешкілерін азықтандыруға және күтіп-ұстауға қойылатын зоотехникалық талаптарды сақтау</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сақтандыру қорының жем-шөбін дайындауды жоспарлау. 2. Қой мен ешкінің тауарлық басын маусымдық азықтандыруды жоспарлау. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сақтандыру қорының жем-шөбін дайындау технологиясы. 2. Жыл мезгілдері бойынша қой мен ешкілердің қоректік заттарға қажеттілік нормалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| Еңбек функциясы 2: Қой және ешкі шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша механикаландырылған жұмыстарды орындау | <p>Дағды 1: Қой шаруашылығы және ешкі шаруашылығы өнімдерін өндірудің технологиялық регламентін сақтау</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүн өндіру үшін қой мен ешкілерді қырқуды ұйымдастыру процестерін жоспарлау. 2. Ет өндіру үшін қой мен ешкілерді бордақылау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қой мен ешкілерді қырқу және тоғыту технологиясы. 2. Қой мен ешкілерді бордақылау және семірту технологиясы. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| | <p>Дағды 2: Қой шаруашылығы және ешкі шаруашылығы өнімдерін дайындаудың технологиялық регламентін сақтау</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ет өнімдерін дайындау мен өткізуді ұйымдастыру процестерін жоспарлау. 2. Қой мен ешкі жүнінен өнім дайындау және өткізу бойынша жұмысты ұйымдастыру. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қой және ешкі шаруашылығы өнімдерін дайындау процесінде машиналар мен механизмдерді қолданудың техникалық шарттары. 2. Қой және ешкі шаруашылығы өнімдерін дайындауға арналған техникалық шарттар. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Тәртіптілік Жауапкершілік | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: |
| | 2 | Жануарларды қараушы |
| | 4 | Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың бригадирі |
| 11. Кәсіптің карточкасы «Қой өсіру кешенінің және механикаландырылған фермалардың бригадирі»: | | |
| Топтың коды: | 6121-9 | |
| Қызмет атауының коды: | 6121-9-002 | |
| Кәсіптің атауы: | Қой өсіру кешенінің және механикаландырылған фермалардың бригадирі | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 4 | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | 64-шығарылым. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 тіркелді. Мал өсіруші, 6 разряд | |

| | | | | |
|--|--|---|---|---|
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман) | Мамандық: Зоотехния | Біліктілік: | |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс: | | | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың бригадирі | | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып, қой шаруашылығы кешендері мен фермаларда қой мен ешкі басын күту және өсімін молайту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. | | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Асыл тұқымды қой шаруашылығы кешеніндегі өндірістік процестерді және асыл тұқымдық жұмыстарды жоспарлау және үйлестіру 2. Тауарлық қой шаруашылығындағы барлық өндірістік процестерді және асыл тұқымдық жұмысты жоспарлау және үйлестіру | | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | | | |
| Еңбек функциясы 1: Асыл тұқымды қой шаруашылығы кешеніндегі өндірістік процестерді және асыл тұқымдық жұмыстарды жоспарлау және үйлестіру | Дағды 1: Асыл тұқымды қой шаруашылығы кешеніндегі асыл тұқымдық жұмыстарды жоспарлау үшін бастапқы деректерді мониторингілеу, жинау және талдау | Машықтар: | | |
| | | | 1. Асыл тұқымды қой шаруашылығы кешенінде асыл тұқымдық жұмыс жоспарын құру. 2. Асыл тұқымды есепке алуды жүргізу бойынша анықтамалық және нормативтік құжаттаманы қолдану. | |
| | | Білімдер: | | |
| | | | | 1. Асыл тұқымды есеп материалдарын өңдеу әдістемесі. 2. Өртүрлі өнімділік бағытындағы қой мен ешкілерді бағалау бонтирлеу жөніндегі нұсқаулық. |
| | | Дағдыны тану мүмкіндігі: | | - |
| | | Дағды 2: Асыл тұқымды материалды өткізу жөніндегі жұмысты жоспарлау үшін бастапқы деректерді мониторингілеу, жинау және талдау | Машықтар: | |
| | | | 1. Асыл тұқымды материалды сатуға байланысты жұмыстарды жоспарлау үшін бастапқы деректерді анықтау. 2. Селекциялық бағдарламаларды және асыл тұқымды материалды сату көлемін әзірлеу бойынша отандық және өңірлік жұмыс тәжірибесін талдау. | |
| | | Білімдер: | | |
| | | | 1. Асыл тұқымды және өнімді қой мен ешкі шаруашылығындағы нормативтік құжаттама. 2. Асыл тұқымды мал шаруашылығында бизнес-жоспарлауды әзірлеу негіздері. | |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | | - | |
| Еңбек функциясы 2: Тауарлық қой шаруашылығындағы барлық өндірістік процестерді және асыл тұқымдық жұмысты жоспарлау және үйлестіру | Дағды 1: Қой мен ешкілердің тауарлық мал басымен асыл тұқымдық жұмыстарды жоспарлау үшін бастапқы деректерді мониторингілеу, жинау және талдау | Машықтар: | | |
| | | | 1. Қой мен ешкілердің тауарлық мал басын асыл тұқымды есепке алуды жүргізу бойынша анықтамалық және нормативтік құжаттаманы қолдану. 2. Қой мен ешкі табынының айналымы бойынша ведомостерді толтыру үшін кәсіби компьютерлік бағдарламалық құралдарды және ақпаратты қолдану. | |

| | | | |
|---|---|---|------------------|
| | | Білімдер: | |
| | | 1. «Ветеринария туралы» ҚР Заңы. 2. Қойларға қойылатын зоотехникалық талаптар. | |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - | |
| | Дағды 2: Қой мен ешкінің тауарлық мал басымен селекциялық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру үшін бастапқы деректерді жинау және талдау | Машықтар: | |
| | | 1. Өндіріске өсірудің инновациялық технологиясын жоспарлау және енгізу үшін бастапқы деректерді (нақты ақпаратты) талдау. 2. Асыл тұқымды және тауарлы қой мен ешкі шаруашылығында қозылар мен лақтарды, төлдерді өсірудің дәстүрлі және инновациялық технологияларын пайдалану. | |
| | | Білімдер: | |
| | | 1. Өңірде белгілі бір өнімділік бағытындағы қой шаруашылығын дамытуды жоспарлауға арналған нормативтер. 2. Қой мен ешкіні өсірудің тиімді әдістері мен тәсілдері. | |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - | |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Дербестік Жауапкершілік Командада жұмыс істеу | | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: | |
| | 3 | Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы | |
| | 5 | Бөлімше (кешен, ауыл шаруашылығы учаскесі, ферма) зоотехнигі | |
| 12. Кәсіптің карточкасы «Бөлімше (кешен, ауыл шаруашылығы учаскесі, ферма) зоотехнигі»: | | | |
| Топтың коды: | 3142-0 | | |
| Қызмет атауының коды: | 3142-0-010 | | |
| Кәсіптің атауы: | Бөлімше (кешен, ауыл шаруашылығы учаскесі, ферма) зоотехнигі | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 5 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары, ҚР АШМ 2019 жылғы 21 тамыздағы №307 бұйрығымен бек. Зоотехник | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат) | Мамандық: - | Біліктілік: - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | Зоотехник | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Жоғары өнімді мал табынын құру бойынша селекциялық-асыл тұқымдық жұмысқа жетекшілік ету және қой мен ешкі өсіру бойынша ферманы (кешенді) ұйымдастырушылық-технологиялық басқару. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |

| | | |
|--|--|---|
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Бекітілген қызмет көрсету аймағында зоотехникалық жұмыстарды және асылдандыру ісі жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және қамтамасыз ету. 2. Қойлар мен ешкілердің асыл тұқымды және тауарлық табындағы өндірістік, шаруашылық қызметінің және селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстың тиімділігін арттыру |
| | Қосымша еңбек функциялары: | |
| Еңбек функциясы 1: Бекітілген қызмет көрсету аймағында зоотехникалық жұмыстарды және асылдандыру ісі жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және қамтамасыз ету. | Дағды 1: Қой мен ешкінің тауарлық табынында асылдандыру ісі бойынша жоспарланған зоотехникалық жұмыстарды орындау | Машықтар: |
| | | 1. Қой мен ешкінің тауарлық табынымен селекциялық-асылдандыру жұмысының жылдық және перспективалық жоспарларын жоспарлау және әзірлеу. 2. Жайылымдық мал азығын және басқа да мал азығын тиімді пайдалану бойынша жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру. 3. Қой мен ешкінің асыл тұқымды мал басын күтіп-бағудың, азықтандырудың және күтудің жаңа әдістерін өндіріске енгізу жоспарын құру. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Қойлар мен ешкілердің тауарлық табынымен селекциялық-асылдандыру жұмысында жылдық және перспективалық планды ресімдеу қағидалары. 2. Асыл тұқымды және өнімді қой шаруашылығы мен ешкі шаруашылығындағы зоотехникалық қызметті регламенттейтін нормативтік-құқықтық заңға тәуелді актілер. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| Еңбек функциясы 2: Қойлар мен ешкілердің асыл тұқымды және тауарлық табындағы өндірістік, шаруашылық қызметінің және селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстың тиімділігін арттыру | Дағды 2: Асыл тұқымды жұмыс бойынша шаруашылық ішіндегі іс-шараларды әзірлеу | Машықтар: |
| | | 1. Перспективада қой мен ешкілердің өнімділігі жоғары табынын құрудың селекциялық бағдарламаларын әзірлеу. 2. Асыл тұқымды малдардың көрмелерін ұйымдастыру бойынша жұмыс жоспарын құру. 3. Асыл тұқымды мақсатта пайдалану үшін асыл тұқымды қойлар мен ешкілерді сатып алу бойынша жоспар құру. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» ҚР Заңы. 2. Өртүрлі бағыттағы қой мен ешкілердің асыл тұқымды және тауарлық табындарындағы асылдандыру жұмысының ерекшеліктері. 3. Табынды жетілдіру, озық тәжірибені, ғылым жетістіктерін енгізу және асылдандыру жұмысын дұрыс ұйымдастыру бойынша жұмыс әдістері. |
| Дағдыны тану мүмкіндігі: | - | |
| Еңбек функциясы 2: Қойлар мен ешкілердің асыл тұқымды және тауарлық табындағы өндірістік, шаруашылық қызметінің және селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстың тиімділігін арттыру | Дағды 1: Қой мен ешкілердің тауарлық табындағы селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету | Машықтар: |
| | | 1. Қой мен ешкілердің тауарлық табынында асыл тұқымды есеп жүргізуді ұйымдастыру. 2. Ферма (кешен) бөлімшелеріндегі селекциялық-асыл тұқымдық қызметтің есебі мен талдауын қамтамасыз ету. |

| | | | |
|--|---|---|------------------|
| | | Білімдер: | |
| | | 1. Селекциялық-асылдандыру жұмысының тиімділігін және қызмет көрсетілетін қой мен ешкі басының өнімділігін арттыру әдістері. 2. Асыл тұқымды және тауарлық қой шаруашылығы мен ешкі шаруашылығын жүргізу бойынша отандық және шетелдік тәжірибе. 3. Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидалары. | |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - | |
| | Дағды 2: Қой мен ешкінің асыл тұқымды табынындағы селекциялық-асылдандыру жұмыстары бойынша іс-шаралар өткізу | Машықтар: | |
| | | 1. Өндіріс қарқындылығының әртүрлі деңгейінде қой мен ешкілердің аналық табынын пайдаланудың экономикалық тиімділігін кешенді бағалау бойынша жұмыстың бизнес-жоспарын құру. 2. Қой мен ешкінің асыл тұқымды табындағы селекциялық-асылдандыру жұмысының экономикалық тиімділігін талдау жүйесін әзірлеу. | |
| | | Білімдер: | |
| | | 1. Кәсіпорындарда, кешенде, ауыл шаруашылығы учаскесінде, фермада және қой мен ешкінің асыл тұқымды табында өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру әдістері. 2. Қой шаруашылығына соңғы ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу, өндіріс шығындарын азайту және фермалардың тиімділігін арттыру жөніндегі бағдарламалар. | |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - | |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Дербестік Жауапкершілік Ұжымда жұмыс істеу | | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: | |
| | 4 | Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың бригадирі | |
| | 6 | Мал дәрігері | |
| 13. Кәсіптің карточкасы «Қой өсіру жөніндегі фермер»: | | | |
| Топтың коды: | 6121-3 | | |
| Қызмет атауының коды: | 6121-3-012 | | |
| Кәсіптің атауы: | Қой өсіру жөніндегі фермер | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 4 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | 64-шығарылым. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 тіркелді. Мал өсіруші, 6 разряд | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман) | Мамандық: - | Біліктілік: - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | | | |

| | | |
|--|---|---|
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | Мал шаруашылығында маманданған фермер | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Фермерлік шаруашылық қызметі жағдайында қой және ешкі шаруашылығы өнімдерін өндіру. | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұйымдастыру, асыл тұқымды қойлар мен ешкілерді өсіру және асыл тұқымды материалды өткізу 2. Шаруа (фермер) қожалығының жұмыс істеу нәтижелерін жоспарлау және бақылау |
| | Қосымша еңбек функциялары: | |
| Еңбек функциясы 1: Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұйымдастыру, асыл тұқымды қойлар мен ешкілерді өсіру және асыл тұқымды материалды өткізу | Дағды 1: Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің технологиялық регламентін сақтау | Машықтар: |
| | | 1. Қой шаруашылығы және ешкі шаруашылығы өнімдеріне қатысты ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша анықтамалық және басқа да нормативтік құжаттарды қолдану. 2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін бастапқы өңдеу және қайта өңдеу технологиясының сақталуын ұйымдастыру. 3. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау технологиясын сақтауды ұйымдастыру. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Ауыл шаруашылығы өнімдерін және қой шаруашылығы мен ешкі шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі технологиялық процестерге қойылатын нормативтер. 2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін бастапқы өңдеу және қайта өңдеудің технологиялық процестеріне қойылатын нормативтер. 3. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау технологиясына қойылатын нормативтер. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| Дағды 2: Асыл тұқымды қойлар мен ешкілерді өсірудің селекциялық-технологиялық регламентін сақтау | Машықтар: | |
| | 1. Шаруа (фермер) қожалығында қой мен ешкілердің асыл тұқымды табынының шаруашылық-технологиялық жағдайына, қалыптасу тарихына, генетикалық құрылымына талдау жүргізу. 2. Асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша ақпараттық деректер базасымен жұмыс істеу. 3. Қой мен ешкілердің өсімін молайту өнімділігінің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізуді ескере отырып, табынның саны мен құрылымын өзгерту бойынша есептерді орындау. | |
| | Білімдер: | |
| | 1. Қой мен ешкілердің тұқымдары мен өсірілуі, қой мен ешкілердің тұқымдарының құрылымы туралы ілім (типтері, желілері, тұқымдастары). 2. Ауыл шаруашылығы малдарын өсіру және өсімін молайту қағидалары. | |
| Дағдыны тану мүмкіндігі: | - | |
| Дағды 3: Асыл тұқымды материалды өткізу үшін шаруа (фермер) қожалығының ресурстарын басқару | Машықтар: | |
| | 1. Қойлар мен ешкілерді бағалау және селекциялық сұрыптау нәтижелері бойынша шаруа (фермер) қожалығындағы асылдандыру жұмысының есебін жасау. 2. Асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша ферманың қызметін жоспарлау және талдау кезінде компьютерлік технологияны қолдану. | |

| | | |
|---|--|--|
| | | Білімдер: 1. Шаруа (фермер) қожалығындағы асыл тұқымды жұмыстың есебін жасау қағидалары қойлар мен ешкілерді бағалау және селекциялық сұрыптау нәтижелері бойынша деректер. 2. Асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша ақпараттық-ақпараттық жүйе үшін және ауыл шаруашылығын басқару органдары үшін есепті ресімдеу қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| Еңбек функциясы 2: Шаруа (фермер) қожалығының жұмыс істеу нәтижелерін жоспарлау және бақылау | Дағды 1: Шаруа (фермер) қожалығындағы өндірістік процесі жоспарлау және үйлестіру | Машықтар: 1. Зоотехникалық есеп беру талаптарына сәйкес шаруа (фермер) қожалығының бөлімшелерінде асыл тұқымды есеп беруді ұйымдастыру. 2. Селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс процесінде асыл тұқымды малдар мен материалдарды (ұрық, эмбриондар) пайдалану және /немесе өткізу үшін деректерді талдау. |
| | | Білімдер: 1. Бухгалтерлік есеп талаптарына сәйкес шаруа (фермер) қожалығының бөлімшелерінде құжаттардың нысандары және есепке алу қағидалары. 2. Селекциялық-асылдандыру жұмысы процесінде асыл тұқымды малдар мен материалдарды (ұрық, эмбриондар) пайдалану және /немесе өткізу үшін деректерді есепке алу және талдау қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| | Дағды 2: Қойлар мен ешкілердің және басқа да жануарлардың өндірістік процесі мен өнімділігін (салмақ өсімі, сауымы және басқа көрсеткіштері) бақылауды қамтамасыз ету | Машықтар: 1. Малдарды өсірудің, бордақылаудың және өнімділігінің өндірістік процесін бақылауды жүзеге асыру. 2. Жануарлардың тірі массасын, ет өнімдерін және қайталама шикізатты аспаптық өлшеудің қазіргі заманғы техникасын меңгеру. |
| | | Білімдер: 1. Шаруа (фермер) қожалығының бөлімшелерінде өсірілетін жануарлардың өнімділік, асыл тұқымдық сапасын есепке алу әдістері. 2. Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің қазіргі заманғы технологиялары, қолдану және өткізу үшін асыл тұқымды материалдар. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Тәртіптілік Жұмыс нәтижесі үшін жеке жауапкершілік Ұжымда жұмыс істей білу | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: |
| | 3 | Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы |
| | 5 | Бөлімше (кешен, ауыл шаруашылығы учаскесі, ферма) зоотехнигі |
| 14. Кәсіптің карточкасы «Ветеринариялық дәрігер»: | | |
| Топтың коды: | 2250-0 | |
| Қызмет атауының коды: | 2250-0-003 | |
| Кәсіптің атауы: | Ветеринариялық дәрігер | |

| | | | |
|---|---|--|---|
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 6 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | 2019 жылғы 21 тамыздағы № 307 Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары Мал дәрігері | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура) | Мамандық: - | Біліктілік: - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | |
| Формалды емес және информформалы біліммен байланыс: | | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | Ветеринар Ветеринариялық-санитариялық дәрігер Ветеринариялық дәрігер-консультант | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Жануарлардың денсаулығын сақтау және қамтамасыз ету, қой мен ешкілердің профилактикасы және емдеу, өнімділік сапасын жақсарту. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Мал ауруларының және олардың пайда болу себептерінің диагностикасын жүргізу 2. Мал ауруларын емдеуді және профилактикасын жүргізу 3. Мал ауруларының алдын алуға және жоюға бағытталған ветеринариялық-санитариялық және профилактикалық іс-шараларды жүргізу | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | | |
| Еңбек функциясы 1: Мал ауруларының және олардың пайда болу себептерінің диагностикасын жүргізу | Дағды 1: Мал ауруларының алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру | Машықтар: | 1. Малдардың жұқпалы және жаппай жұқпалы емес ауруларының алдын алу және жою бойынша нормативтік-құқықтық актілерді талдау 2. Ұйымның малы туралы арнайы ақпараттық деректер базаларымен жұмысты ұйымдастыру. |
| | | Білімдер: | 1. ҚР ветеринарлық заңнамасы. 2. Малда емдік-профилактикалық емшараларын орындау әдістері. 3. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу әдістері. |
| | | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| | Дағды 2: Малда терапия жүргізу | Машықтар: | 1. Әр түрлі этиологиясы бар малдарды емдеу үшін терапиялық, хирургиялық және акушерлік - гинекологиялық тәсілдерді және манипуляцияларды қолдану. 2. Малды тексеру және емдеу үшін арнайы ветеринарлық жабдықтар мен құралдарды пайдалану. |

| | | |
|--|--|--|
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Инфекциялық, паразиттік және инфекциялық емес аурулармен малдың дәрі-дәрмектік және дәрі-дәрмектік емес терапиясын таңдау алгоритмі мен критерийлері. 2. Өртүрлі этиологиядағы мал ауруларының алдын алу және емдеу үшін дәрілік шикізаттың, дәрілік препараттардың, биопрепараттардың, биологиялық белсенді қоспалардың фармакологиялық және токсикологиялық сипаттамалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| | Дағды 3: Эпизоотиялық жағдайға талдау жүргізу | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Диагноз қою үшін клиникалық және зертханалық зерттеулердің нәтижелерін талдау және түсіндіру. 2. Мал ағзалары мен жүйелеріне клиникалық зерттеулер жүргізу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мал ағзасының мүшелері мен жүйелерін зерттеу алгоритмі. 2. Малдың қалыпты және патология кезіндегі функционалдық жай-күйінің параметрлері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| | Дағды 4: Малды өлгеннен кейінгі диагностикалық союды орындау және патологоанатомиялық диагноз қою | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Диагноз қою үшін клиникалық және зертханалық зерттеулердің нәтижелерін талдау және түсіндіру. 2. Мал ауруларын диагностикалауға арналған ветеринарлық арнайы жабдықтар мен құралдарды пайдалану. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Патологоанатомиялық диагноз қою кезінде малдың өліктерін ашу әдістемесі, малдың патологиялық анатомиясы. 2. Малдың органдары мен жүйелерінің нормативтік клиникалық параметрлері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| Еңбек функциясы 2: Мал ауруларын емдеуді және профилактикасын жүргізу | Дағды 1: Малда терапия жүргізу | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Терапиялық ветеринариялық пункттің мамандандырылған жабдықтарын пайдалана отырып, малды тексеруді жүргізу. 2. Ветеринариялық қызметте визуалды және техникалық бақылау әдістерін қолдану. 3. Әр түрлі этиологиясы бар малдарды емдеу үшін терапиялық, хирургиялық тәсілдерді және манипуляцияларды қолдану. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Инфекциялық, паразиттік және инфекциялық емес аурулармен малдың дәрі-дәрмектік және дәрі-дәрмектік емес терапиясын таңдау алгоритмі мен критерийлері. 2. Ветеринариялық препараттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |

| | | |
|--|--|---|
| | <p>Дағды 2: Мал ауруларының алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Малдардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының алдын алу және жою бойынша нормативтік-құқықтық актілерді талдау. 2. Малды тексеру бойынша мамандандырылған диагностикалық жабдықтарды қолдану. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Ветеринария туралы» ҚР Заңы. 2. Инфекциялық, паразиттік және инфекциялық емес аурулармен малдың дәрі-дәрмектік және дәрі-дәрмектік емес терапиясын таңдау алгоритмі мен критерийлері. 3. Малда емдік-профилактикалық емшараларын орындау әдістері. 4. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| <p>Еңбек функциясы 3: Мал ауруларының алдын алуға және жоюға бағытталған ветеринариялық-санитариялық және профилактикалық іс-шараларды жүргізу</p> | <p>Дағды 1: Емдеу-профилактикалық іс-шаралар жоспарын жасау және оның орындалуын талдау</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұйымның малы туралы арнайы ақпараттық деректер базаларымен жұмыс істеу. 2. Ветеринариялық қызметте визуалды және техникалық бақылау әдістерін қолдану. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Ветеринария туралы» ҚР Заңы. 2. Ветеринариялық қадағалау объектілерінде карантиндік іс-шараларды жүргізу жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтар. 3. Мал шаруашылығы қора-жайларындағы микроклимат параметрлерінің нормативтік көрсеткіштері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| | <p>Дағды 2: Дезбарьерлердің жай-күйін, дезинфекция жүргізу сапасын және объектілердегі микроклимат параметрлерін тексеру</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ветеринариялық қызметте визуалды және техникалық бақылау әдістерін қолдану. 2. Мал шаруашылығы қора-жайларында дезинфекция жүргізу және микроклимат параметрлерін өлшеуге арналған жабдықты қолдану. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Ветеринария туралы» ҚР Заңы. 2. Инфекциялық, паразиттік және инфекциялық емес аурулармен малдың дәрі-дәрмектік және дәрі-дәрмектік емес терапиясын таңдау алгоритмі мен критерийлері. 3. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу әдістері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| | <p>Дағды 3: Мал шаруашылығы объектілерінде карантиндік іс-шараларды жүзеге асыру</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Карантиндік іс-шараларды өткізу үшін диагностикалық жабдықты қолдану. 2. Малды диагностикалық зерттеулерге дайындауды жүргізу. 3. Ұйымның малы туралы ақпараттық деректер базаларымен жұмыс жүргізу. |

| | | |
|---|--|---|
| | | Білімдер: |
| | | 1. ҚР ветеринарлық заңнамасы. 2. Ветеринариялық қадағалау объектілерінде карантиндік іс-шараларды жүргізу қағидалары. 3. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу әдістері. 4. Биологиялық қалдықтарды сақтау және кәдеге жарату қағидалары. 5. Жануарлардың өлекселерін кәдеге жарату қағидалары. 6. Мал шаруашылығы қора-жайларындағы микроклимат параметрлерін регламенттейтін нормативтік құжаттар. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Командада жұмыс істеу Дербестік Табандылық | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: |
| | 5 | Бөлімше (кешен, ауыл шаруашылығы учаскесі, ферма) зоотехнигі |
| | 7 | Ветеринариялық учаске меңгерушісі |

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

15. Мемлекеттік органның атауы:

16. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

«Агроөнеркәсіп қауымдастықтарының кешені» консорциумы

Орындаушылар:

Карынбаев Аманбай Камбарбекович, +7 (701) 720 11 21, uzniijr.taraz@mail.ru

Баймуканов Дастанбек Асылбекович, +7 (707) 148 06 68, dbaimukanov@mail.ru

17. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес:

18. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: -

19. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -

20. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 2, 2022 г.

21. Бағдарлы қайта қарау күні: 26.10.2025 г.